

Маңғыстау облысы кәсіпорындарының 9000 және 14000 сериялы ИСО халықаралық стандарттарына жедел өтуі жөніндегі 2004-2005 жылдарға арналған Аймақтық жоспары туралы

Маңғыстау облысы мәслихатының 2004 жылғы 30 маусымдағы N 6/80 шешімі. Маңғыстау облыстық Әділет Департаментінде 2004 жылғы 14 шілдеде N 1711 тіркелді "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат **шешім етті:**

1. Маңғыстау облысы кәсіпорындарының 9000 және 14000 сериялы ИСО халықаралық стандарттарына жедел өтуі жөніндегі 2004-2005 жылдарға арналған Аймақтық жоспары бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Осы шешім жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Сессия төрағасы

Облыстық

мәслихаттың хатшысы

"Маңғыстау облысы кәсіпорындарының 9000 және 14000 сериялы ИСО халықаралық стандарттарына жедел өтуі жөніндегі 2004-2005 жылдарға арналған Аймақтық жоспары туралы" облыстық мәслихатының 2004 жылғы 30 маусымдағы N 6/80 шешімімен бекітілген

Маңғыстау облысы кәсіпорындарының 9000 және 14000 сериялы ИСО халықаралық стандарттарына жедел өтуі жөніндегі 2004- 2005 жылдарға арналған Аймақтық жоспары

№ к/с	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Орындауға жауапты	Орын дау мерзімі	Болжамды шығындар	Қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6	7
1	Жоғары кәсіптік және жоғары оқу орындарынан кейінгі кәсіптік білім беру ұйымдарында 9000 сериялы ИСО халықаралық стандарттарына сәйкес әзірленген ҚР Мемлекеттік стандарттарын енгізуді жүзеге асыру: 1157-2002ж. ҚР СТ Жоғары кәсіптік білім. Білім беретін	Оқу бағдарламасы	Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университеті (келісім бойынша)	2004 жылдың 4 тоқсаны		

	<p>ұйымдардың сапа менеджменті жүйесі;</p> <p>1158-2002ж. ҚР СТ Жоғары кәсіптік білім. Білім беретін ұйымдардың материалдық-техникалық базасы.</p>				Қажет етпейді	
2	<p>Сарапшы- аудиторларды даярлауды қамтамасыз ету:</p> <p>қоршаған ортаны қорғау қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі (ИСО 14000);</p> <p>тәуекелді талдау қағидаттары мен дағдарысты бақылау нүктелері негізінде тамақ өнімдерінің сапасын басқару жүйелері.</p>	Сарапшы-аудитор сертификаты	"Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы" ААҚ Маңғыстау филиалы (келісім бойынша).	2004 жылдың 4 тоқсаны	Бөлінетін қаражат шегінде	Кәсіпорындар қаражаты
3	<p>9000 және 14000 сериялы ИСО халықаралық стандарттарға сәйкес сапа менеджменті мен қоршаған ортаны басқару жүйелерін енгізу және сертификаттау мәселелері бойынша радио мен теледидарда хабарлар беру, үнемі баспасөз басылымдарында жарияланымдар мен айдарлар беруді ұйымдастыруды қамтамасыз ету.</p>	Жарияланым-дар, сөйленген сөздер	МҚЖБ (келісім бойынша),	Үнемі	Қажет етпейді	

1	2	3	4	5	6	7
			"Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы" А А Қ Маңғыстау филиалы (келісім бойынша)			
4	<p>Аймақ кәсіпорындары үшін ішкі аудиторлар даярлау бойынша Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының оқу орталықтарын тарта отырып, аймақтық семинарлар өткізу.</p>	Ішкі аудитор сертификаты	ОЭҚЖСБ," Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы" А А Қ Маңғыстау филиалы (келісім бойынша)	Тоқсан сайын	Бөлінетін қаражат шегінде	Кәсіпорындар қаражаты
5						

	Аймақ кәсіпорындарында 9000 және 14000 сериялы ИСО халықаралық стандарттарына сәйкесетін сапа менеджменті мен қоршаған ортаны қорғау жүйелерін әзірлеу және енгізу мониторингін тоқсан сайын жүзеге асыру.	Қазақстан Республикасы индустрия және сауда министрлігіне есеп	МҚЖБ (келісім бойынша)	Тоқсан сайын	Қажет етпейді	
6	9000 және 14000 сериялы ИСО халықаралық стандарттарын аймақтың мынадай кәсіпорындарына әзірлеу және енгізу:	Қазақстан Республикасы индустрия және сауда министрлігіне есеп	Кәсіпорындар басшылары (келісім бойынша)		Бөлінетін қаражат шегінде	Кәсіпорындар қаражаты
	"Ш. Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университеті" мемлекеттік мекемесі;			2004 жыл		

1	2	3	4	5	6	7
	"КМК - Азимут" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;			2004 жыл		
	"Мырзабек" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;			2004 жыл		
	"Теміртас" ашық акционерлік қоғамы;			2004 жыл		
	"Каскор-Машзавод" ашық акционерлік қоғамы;			2004 жыл		
	"Каскор - СМУ" ашық акционерлік қоғамы;			2005 жыл		
	"Маңғыстаумұнайгаз" ашық акционерлік қоғамы;			2005 жыл		
	"Өзенмұнайгаз" ашық акционерлік қоғамының газ өңдеу басқармасы;			2005 жыл		
	"Арман" біріккен кәсіпорны;			2005 жыл		
	"Ақтау шыны талшықты құбырлар зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;			2005 жыл		
	"ҚазНИПИмұнайгаз" ашық акционерлік қоғамы.			2005 жыл		
7	"Аймақтың үздік тауарлары" және "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" атты аймақтық конкурстар өткізу.	Комиссия хаттамасы	МҚЖБ (келісім бойынша) ОЭҚЖСБ	2004 жылдың 3 тоқсаны	Бөлінетін қаражат шегінде	Кәсіпорындар қаражаты

Қ о л д а н ы л ғ а н қ ы с қ а р т у л а р :

МҚЖБ - Қазақстан Республикасы индустрия және сауда министрлігі Стандарттау,

метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің Маңғыстау облысы бойынша
мемлекеттік қадағалау жөніндегі басқармасы
ОЭҚжСБ - облыстық экономика, өнеркәсіп және сауда басқармасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК